

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы**  
**Директорлар кеңесінің сырттай отырысының**  
**2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 10 шешімінен үзінді көшірме**

**Күн тәртібі:**

5. «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік хатшысы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар, Комплаенс-бақылаушысы туралы ережеге толықтырулар, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

**Күн тәртібіндегі «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік хатшысы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар, Комплаенс-бақылаушысы туралы ережеге толықтырулар, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 5-мәселе бойынша**

Дауыс беру қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі келесідей шешім қабылдады:

1. Сырттай отырыстың осы шешімінің № 5 қосымшасына сәйкес Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы №14 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік хатшысы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

5. Осы шешім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Үзінді көшірме дұрыс:

Директорлар кеңесінің хатшысы



А. Байжуман

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің  
2024 жылғы «27» қыркүйектегі  
№ 10 хаттамасына/шешіміне  
№ 5 қосымша

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің  
2018 жылғы 5 желтоқсандағы №14 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық  
қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік хатшысы туралы ережеге  
өзгерістер мен толықтырулар**

1. 23-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«9) өзінің функциялары мен міндеттерін орындау барысында, оның ішінде дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау кезінде өзіне белгілі болған ақпараттың құпиялылығын сақтау;».
2. 23-тармақ мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:  
«10) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, оның ішінде Қордың ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін регламенттейтін ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;  
11) ақпараттық активтермен жұмыс істеу кезінде барлық күдікті жағдайлар мен бұзушылықтар туралы Қордың киберқауіпсіздік бөлімшесін (электрондық поштаны, жедел хабарлар қызметін және өзге де сервистерді пайдалана отырып) хабардар ету.».
3. 30-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«4) өз өкілеттіктерін орындау барысында өзіне белгілі болған құпия ақпараттың жария етілуі, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуы;».
4. 30-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«4-1) ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтамау, оның ішінде Қордың ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін регламенттейтін ішкі құжаттарының талаптарын орындамау;».